

Смағұлов С.
**Қазақ хандығы тұсындағы
ақын-жыраулардың әскери
қызметі**

Бұл мақалада Қазақ хандығы тұсындағы ақын-жыраулардың қазақ халқының әскери ісі мен өнерін дамытудағы үлесі мен әскери қызметі олардың шығармаларына тарихи дерек ретінде арқа сүйей отырып қарастырылған. Әскери сословиенің өкілі болып, өздері әскери кәсіппен айналысып, бұл кәсіптің ерекшелігін, кәсіби тілін жақсы білгендіктен жыраулар поэзиясы әскери өнердің, қару қолдану әдістерін, қару-жарақтың түрлерін, оның атауларын, кәсіби терминдерін, әскерилердің салт-дәстүрлерін зерттеуде бірден-бір дерек көзі, өте бай қайнар бұлақ көзі деуге болады. Жыраулар тудырған жырлар, батырлық эпостар да – осы әскерилер қоғамдық жігімен байланысты өнер. Қазақ хандығы дәуірі – айрықша қаһармандық дәуір, батырлар заманы. Жырау – қаһармандық эпосты туғызушы, батырлар бейнесін сомдаушы ғана емес, қолбасшы батыр. Бұл дәуірде ақын-жыраулар батырлық тақырыбын кең көлемде жырлап, жауынгер-жасақтардың жауынгерлік рухын көтеруде зор рөл атқарды. Олар сол уақыттың алыптары туралы жырлап, замандас батырларының даңқын аспанда тып қана қоймай, өздері де жауға қарсы әскери жорықтарға қатысып, жауынгер-жыраулар болды және де әскербасы, қолбасшылық қызмет те атқарды.

Түйін сөздер: Ақын-жырау, әскери өнер, әскери қызмет, қару-жарақ, қолбасшы.

Smagulov S.
**Military activity of akyn-zhyrau
in the period of the Kazakh
khanate**

This article is devoted to the military activities and contribution of akyn-zhyrau in military activities and art of Kazakh people during the Kazakh Khanate relying on their performances as a historical source. As the representatives of the class warriors they engaged in military activities and knew all the details of this profession. Akyn-zhyrau poetry is a rich source to study military art, military equipment, method of their use, professional terms, customs and traditions of men. During the Kazakh Khanate works of Akyn-zhyrau are closely linked to the military science and the art of the Kazakh people. The period of the Kazakh Khanate is the heroic period, period of brave men. Akyn-zhyrau is not only extolled the heroism of brave men, but they themselves took part in the battles with the enemy, they are not only soldiers singers, they were warlords and commanders.

Key words: Akyn-zhyrau, the art of war, military activity, weapons, military leader.

Смағұлов С.
**Военная деятельность
акын-жырау в период
Казахского ханства**

В этой статье рассматриваются военная деятельность и вклад акын-жырау в военное дело и искусство казахского народа в период Казахского ханства, опираясь на их произведения как исторический источник. Они как представители сословия батыров, занимаясь военной деятельностью, хорошо знали все подробности этой профессии. Поэзия жырауов является богатым источником в изучении военного искусства, военного снаряжения, способов их применения, профессиональных терминов, обычаев и традиций воинов. Произведения акын-жырау в период Казахского ханства тесно связаны с военным делом и искусством казахского народа. Период Казахского ханства – героический период, богатырский период. Акын-жырау не только воспевали героизм батыров, но и сами участвовали в сражениях с врагами, они не только воины-певцы, они были военачальниками и полководцами.

Ключевые слова: Акын-жырау, военное искусство, военная деятельность, оружие, полководец.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТҰСЫНДАҒЫ АҚЫН- ЖЫРАУЛАРДЫҢ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТІ

Қазақ хандығы тұсындағы ақын-жыраулар туындылары қазақ халқының әскери ісі және өнерімен, батырлар сословиесімен тікелей байланысты. Жыраулар да осы қоғамдық жіктің өкілдері. Біріншіден, олардың бәрі дерлік батырлар әулетінен шыққан. Екіншіден, олардың өздері де батыр болған адамдар. Мысалы, Қазтуған қолбасы болған, Жиёмбет жырау – Есім ханның әскербасысы. Шалкиіз Темір бидің батыры, Доспамбет – көптеген жорықтарға қатысқан батыр т.б. Үшіншіден, олардың ұрпақтары да батыр болған. Төртіншіден, батыр ретінде хан ордасында жүріп, хан кеңесіне қатысып, мемлекет басқару ісіне араласқан. Яғни, батырларға қатысты міндеттердің бәрін атқарған.

Сонымен қоса олар өз жырларымен айқас алдында жауынгерлердің рухын көтеріп, ерлікпен аты шыққан батыр, қолбасыларға мадақ жыр айтып, олардың даңқын көтеретін. Батырлар қоғамдық жігінің пайда болуымен бірге шыққан жыраулар өнері тікелей батыршылық идеологиясымен тығыз байланысты болды. Сол себепті жыраулар батырлық рухтың жаршысы, батырлық идеологияны дәріптеуші. Батыр-жырау Ақтамбердінің «Күлдір де күлдір кісінетіп» деп басталатын толғаулары осы батырлық рухтың әнұраны десе болады. Бұл толғауларда батырлардың басты мақсат-мүдделері (жорықта жүру, қол бастау, қару асыну, сауыт кию, майдан жасау, жауды жеңіп олжа түсіру, елді асырау, халықты тойғызу, тұлпар міну, сұлу құшу, қару соқтыру, әскери өнер үйрену, оны жан-жақты меңгеру, елге қорған болу) жыр етіледі.

Әскери сословиенің өкілі болып, өздері әскери кәсіппен айналысып, бұл кәсіптің ерекшелігін, кәсіби тілін жақсы білгендіктен жыраулар поэзиясы әскери өнердің, қару қолдану әдістерін, қару-жарақтың түрлерін, оның атауларын, кәсіби терминдерін, әскерилердің салт-дәстүрлерін зерттеуде бірден-бір дерек көзі, өте бай қайнар бұлақ көзі деуге болады. Осы күні ұмыт болған көптеген атауларды, ұғым-түсініктерді осы жыраулар шығармаларынан табамыз. Жыраулар өнерінің көркемдік ерекшелігі осы күндері жақсы зерттелген болса, әскери өнерге қатысты тарихи деректілігіне лайықты көңіл бөлінбей келді. Кейінгі ұрпақ ұмытпасын дегендей батыр бабаларымыз батыршылдыққа, ерлікке, өрлікке, елдікке қатысты деректер мен мәліметтердің бәрін өздерінің жыр-толғауларында әдейі-

леп, арнайы айтып кеткен сияқты. Сондықтан, жыраулардан қалған мол мұралардың ішінде бытырап жатқан бұл құнды деректерді ыждағаттықпен мұқият жинап, оларды талдап, тиісінше пайдалана білуіміз керек.

Жыраулар тудырған жырлар, батырлық эпостар да – осы әскерилер қоғамдық жігімен байланысты өнер. Көптеген ғалымдар эпостық жырлар батырлардың өз толғауларынан, оларға айтылған мадақ жырлардан, өлгенде шығарылған жоқтаулардан т.б. құралып қалыптасқан деген пікір айтады [1]. Қазтуғанның, Махамбеттің өзін таныстыратын толғауларын, Бұхар жыраудың Бөгембай өлімін естіртуін, Абылайды жоқтауға арналған жырларын, Доспамбет жыраудың өлер алдында қоштасуы, Бұхар жыраудың Абылай ханға айтқан мадағы, Шалкиіздің Темір биге айтқан толғауы т.б. жыраулар толғауларын батырлық эпостағы батырдың өзін таныстыруы, оның айқасын суреттеу, жалғыздықта айтқан толғауы, қоштасуы, батырдың өлімін жоқтау сияқты бөліктерімен салыстырсақ тікелей ұқсастықты көруге болады. Бұл көркемдік әдістің ғана ұқсастығы емес, жыраулардың өмірі мен эпос кейіпкері болған батырлар өмірінің ұқсастығының дәлелі.

Қазақ жыраулары XV-XVIII ғасырлар аралығында бүкіл әлемдік мәні бар аса құнды әдеби мұра жасады. Олардың жыр-толғауларында сол бір алыста қалған аласапыран арпалыс шақтардың, болып өткен тарихи оқиғалардың, жаугершілік заманның тірі суреттері жатыр. Бұл дәуір поэзиясы бізге ата қоныс, құт мекеннен ауа көшудің қасіретін, қырық жыл қырғында ат үстінен түспеген жауынгердің жан мұратын, жалпы сол шақтың құдырет шындықтарын қаз-қалпында жеткізді.

Қазақ қоғамында жыраудың атқарған ісі көп, қоғамдағы алған орны алабөтен. Олардың қазақ тарихында әсіресе аса бір беделді, аса бір өтімді болған тұсы Қазақ хандығы дәуірі болды. Қазақ хандығы дәуірі – айрықша қаһармандық дәуір, батырлар заманы.

Әрине, жырау ең алдымен ақын. Өз жанынан өлең шығарушы. Жырау поэзиясының бір ерекшелігі оның шығармашылығында жаугершілік заман сарыны жатуы. Яғни, жырау поэзиясы – жауынгерлік эпос. Қаһармандық жырларды туғызушылар – жыраулар. Бұған бір қисынды дәлел – батырлар жырындағы өлең өлшемінің жыраудың өлең ерекшелігімен аса ұқсастығы.

Сырт жауларға қарсы күрес, елдің сыртқы, ішкі жағдайындағы саяси ахуал көрініс беріп

жататын, қаһарман жауынгердің тұлғасы соғыс сәтінде сомдалған ерлік жырларды туғызушы Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет, Қожаберген, Ақтамберді, Бұқар, Үмбетей, Тәттіқара сияқты жыраулар болды.

Жыраулар туындыларының негізінде біздің әдебиетімізде қазақ халқының қилы кезеңдеріндегі тағдыр-талайы, ел басқарған ұлы хандар тұлғасы, олардың төңірегіндегі ер жастанып жатып, қырық жыл қырғынның ортасында жүріп, халқының азаттығы мен ар-намысын қорғаған дарабоз батыл тұлғалар жайлы толып жатқан батырлық жырлар, дастандар, аңыз-әңгімелер, шежіре хикаялар қалды. Әдебиетіміздің көп асылы, інжу-маржандары осы дәуірлерде туды.

Жырау – қаһармандық эпосты туғызушы, батырлар бейнесін сомдаушы ғана емес, қолбасшы батыр. Оның шығармаларының басты сарыны жауынгерлік рух, ұлт-азаттық күрес, бостандық арман. Негізінен жыраулық өнер жаугершілік заманда туғандықтан әскери өмір мен өнерді, ел қорғау, жауға тойтарыс беру мәселелерін, батырлықты, ерлікті жыр етіп толғауы заңды құбылыс. Осы дәуірде дара ақындар жасаған ерлік-жорық жортуыл жырлары болды. Жаугершілік замандағы соғыс сәтін суреттегенде сауыт-сайманмен құрсаңған әскер жасағын, жауынгердің айбынын, күш-қуатын, ерік-жігерін көзбен көріп, қолмен ұстағандай боласың. Суырылып нысанаға ұшқалы тұрған оқтың суылын естисің. Мысалы, Қазтуған:

Балдағы алтын құрыш болат
Ашылып шапсам деп тартар,
Сусыным қанға қанар деп... –

деп жырлайды [2].

Осындағы ашылып шабу – үдей түскен, екпінді, қайтпайтын ұшқырлық. Жауынгердің бітімі, мінезі, болмысы.

Жыраулар поэзиясының басты тақырыптары Қазақ хандығын құраған тайпалардың топтасқандығы мен бірлігі, мемлекетті және оның әскери күш-қуатын нығайту мәселелері болды. Мұның өзі жыраулар поэзиясында ерлік тақырыбының басымдық алып, өз мемлекетінің тәуелсіздігі мен оның даңқын арттыру жолында күрескен батырлардың ержүректігі мен қайтпас қайсарлығын жырлауға жеткізді. Олардың туындыларында асыл текті жауынгер-батырдың құдыретті тұлғасы бар болмысымен көрінеді. Мысалы, өлеңдерінде өз өмірінің негізгі оқиғаларын бейнелей білген талантты жауынгер ақын Доспамбет жырау өзін ең алымен:

«Қалаға қабылан жаулар тигей ме,
 Қабырғадан дұспан жалдап жүргей ме,
 Қатарланып, қарланып,
 Қайран ер қарт күреңге мінгей ме!
 Қабырғадан қараған
 Достым менен дұспаным:
 «Апырым, ер Доспамбет!» дегей ме!..»

дейтін ер жігіт етіп көрсетеді [3].

Ол атақты әскербасының отбасында туған, көптеген соғыс жорықтарына қатысқан. Ақын-жырау Сарыарқа даласындағы кескілескен шайқаста қаза табатын жауынгерді пір тұтады. Жорық жыршысы болған Доспамбет жырау шығармаларынан ортағасырлық жауынгер көшпендінің өр тұлғасы, ерлік кейпі көрінеді, оның асқақ рухы, берік дәті, өмірлік мұраты танылады. Оның жырларында жаугершілік заман түрі, соғыс сәті, адырна, садақ, алдаспан қылыш артар жүк, жорық мұраты, жауынгердің жан арманы түскен сөздер керемет: от боп өртеніп, теңіз боп толқып, мұз боп құрсанып, ақ түтек боп буырқанып жатыр. Ақын-жыраудың өлеңдерінде сол замандағы көшпелі қазақтар жауына қарсы қолданған көптеген қару-жарақтардың аты аталып, түсі түстеліп көрсетіледі:

«Сақ етер тиді саныма,
 Сақсырым толды қаныма...
 Күдеріден бау тағып,
 Кіреуке киер күн қайда,
 Күмбір, күмбір кісінетіп
 Күреңді мінер күн қайда,
 Толғамалы ақ балта
 Толғап ұстар күн қайда,
 Алты құлаш ақ найза
 Ұсынып шаншар күн қайда,
 Садақ толған сайгез оқ
 Масағынан өткеріп,
 Басын қолға жеткеріп
 Созып тартар күн қайда!

Ту құйрығы бір тұтам
 Тұлпар міндім, өкінбен,
 Туған айдай нұрланып
 Дулыға кидім, өкінбен [4].

Мұндағы сақетердің қандай қару атауы екендігі қазіргі оқырманға күңгірт. Профессор С. Аманжоловтың көрсетуінше, сақетер – қылыштың бір түрі. Бұл сөзді қырғыз тіліндегі қыр.шалк етме «шынжыр, тәрізді ескілікті қарудың түрі» дегенмен де салыстыруға болатын тәрізді. Сақетер – қылыш орнына да қолданылады. Бос мойын шоқпар. Ал сақсыр шалбардың ескіше атауы. Күдері – жұмсақ тері, былғарының бір түрі. Кіреуке – жейде түрінде жасалған,

дөңгелек металл шығыршықтардан өрілген торлы сауыт. Оның шөже көз сауыт, торғай көз сауыт, бадана сауыт, т.б. түрлері болған. Омырау жағасы ашық жасалып, қайыс баумен немесе темір ілгекпен байланады. Кіреукеңі шығыршықтары темір сымнан сақина тәрізді етіп жасалып, ұштары түйіскен жерлері шегелеу немесе пісіріп дәнекерлеу арқылы бекітіледі. Бұл шығыршықтар «көз» деп аталады. Көздердің диаметрі мен қалыңдығы әртүрлі болуы мүмкін. Кейбір кіреукекелердің жағалары, кейде бүкіл сауыт тұтасымен берік болу үшін шығыршықтарын екі-екіден қосып өреді. Денеге найза, семсер бойламас үшін кіреукеңі кеуде, арқа тұсына, екі бүйіріне темір тақталар бекітіледі. Кіреуке сауыттардың жеңдері көбінесе шынтаққа дейін ғана жететіндей қысқа келеді, етектері де ұзын емес. Жағасы кейде болады, кейде болмайды. Етектері қозғалысқа кедергі келтірмес үшін алды-артынан немесе екі бүйірінен жырылып жасалады. Кіреукемен, негізінен, жеңіл әскер түрі жарактанған. Беріктігі нашарлау болғандықтан басқа сауыттардың астынан да киген [5]. Сайгез – садақ оғының бір түрі. Жез айыр, сұр жебе, нарсыз, сайгез т.б. Дулыға – соғыста оқтан сақтану үшін киетін бас киім. Дулығаның екі жағымен артқы етегіне темір тор ілініп, адамның мойны мен иығын тымақ тәрізді тұтас жауып тұрады. Дулыға батырдың басын сойыл, шоқпар, қылыш және садақ оғынан сақтауға арналған [6].

Қазақ хандығының қалыптасу кезеңінде ұзақ та қызықты, алайда тартысқа толы қиын ғұмыр сүрген Шалкиіз (Шалгез) Тіленшіұлының (1465-1560) шығармаларында асыл текті жауынгер-батырдың күдіретті тұлғасы бар болмысымен көрінеді. Ол атақты тектен (Едіге ұрпақтарынан) шыққан, өте жақсы білім алған. Үлкен Ноғай Ордасының билеушісі Темір ханзадаға жақын жүріп, оның нөкерлерімен бірге Стамбул мен Қырымда, Дон мен Солтүстік Кавказда болған. Өмірінің соңғы жылдарын Қазақ хандығында өткізген. Ол еш жағынан билеушіден кем түспейтін, тіпті данышпандығы мен ізгілігі жағынан одан да асып түсетін жауынгер-ақынның тамаша бейнесін сомдап соғып, осы бейне арқылы батылдықтың, ерліктің және жайсаң жандылықтың үлгісін көрсеткен. Шалкиіз әрі батыр, әрі жырау [7].

Шалкиіздің «Алаштан байтақ озбаса», «Жебелей желге жүгірген», «Жапырағы жасыл бәйтерек» т.б. жырлары батырлық, жаугершілік жайын қозғайды. Жыраудың көпшілік шығармасы жаугершілік заман күйін шертеді. Оның ішінде батырға мадақ та, жауынгер мұраты да,

ауыр жеңіліс сәттің азалы күйге бөккен мұнар күні де, жеңіс қуанышы да жүреді. Шалкиіздің батырының қимылы кесек, ісі ірі. Соғыс сәтіндегі суреттер, қимыл-қозғалыс шақ қосқабат өріліп отырады. Суырыла шапқан, жорық сәтіндегі батыр жырларында әр қырынан, әр қалыпта ашылады [8].

Шалкиіздің жырларында жауынгер-батырдың әскери киім-кешегі, қару-жарақтары аталып, айшықталып, анық сипатталып, көрсетілген. Оларды мына жыр жолдарынан анық байқаймыз:

Алаштан байтақ озбаса,
Арабыдан атты сайлап мінбен-ді!
Күлікке тастай болып тимесе,
Үстіме көбе сайлап кимен-ді!

Дулығамның төбесі
Туған айдай болмаса,
Батыршылық сүрмен-ді!

Жебелей жебе жүгірген
Ерлердің арғымақтан игі малы болар ма,
Жағаласса жыртылмас,
Ерлердің жеңсізден игі тоны болар ма,
Дулығалы бас кескен
Ерлердің алдаспаннан игі қолы болар ма! [9] –

дей келіп, ары қарай «Би Темірге бірінші толғау» деген жырында:

Жауға кисең берен ки,
Егеуленген болат өте алмас,
Есендікте малыңды бер де батыр жый,
Басыңа қыстау іс түссе
Дұспаныңның қолы жете алмас! [10] –

деу арқылы берен сауыттың ерекше қасиетін көрсеткен.

Берен – болат темірлі сауыт. Тері, матаға болат, темір тақталарды шегелеп, қатарлап бекіту арқылы жасалған. Үлкен темір тақталар иілуге мүмкіндік бермейтін болғандықтан берен кеудеше түрінде тұтас жасалып, бастан сыпырыла шешіліп киілген, баумен байланған. Іштен шегеленгендіктен болат тақталардың ара-жігі ашылмай денеге қару өткізбейтін берік болған. Кейде береннің иықтары мен етегін аң терілерімен жиектеген. Беренді негізінен жұқалау кіреуке, қаттама сауыттардың сыртынан киген. «Айбынды ерлер көп өтті. Кіреуке киген, беренмен» (Ақтамберді) деген жырдағы берен отты қару пайда болып, ауыр қаруланған атты әскер таратылғаннан кейін қолданыстан шығып қалды [11]. Күлік – бұл жерде сәйгүлік, пырақ ат.

«Көн садақтың ішінде
Көбе бұзар жебе бар.
Батыр жігіт қол бастар,
Шешен адам сөз бастар» –

деген жыр жолдарындағы «көбе» – көбе сауыт – дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлардың соғыста кебенек (киіз кеудеше) сыртынан киген сауыты. Оның 2 түрі болған: а) жүрек тұсын, білекті, тізені, иықты садақ оғынан, қылыштан, найзадан қорғау үшін жалпақ темірден жасалған көбе; ә) бүкіл кеудені қорғау үшін тырнақ көбесіне ұқсас қола не мыс, кейде алтын мен күміс табақшаларды қатпарлап тізіп немесе металл шынжырларды біріктіріп, көйлек тәріздес етіп жасаған Көбе. Ол үшін алдымен қалың қатты теріден, сүйектерден, темірден белгілі бір пішінде тілікшелер берік мата, киіз немесе теріден жасалған астарға қайыспен немесе сыммен тігіп бекітіледі. Адам қимылына кедергі келтірмес үшін көбелер жоғары және орта тұсынан ғана бекітіліп, төменгі жағы бос қалдырылады.

Көбе сауыттың сыртқы пішіні әртүрлі болып келеді. Ұзын немесе қысқа етекті, жеңді немесе жеңсіз, жағалы немесе жағасыз түрлері де кездеседі. Көбе сауыттың жеңдері ішкі қолтық жағынан ашық болып жасалады. Көбе сауыт бүйірлерінен ашылып, мойыннан киіледі де жеңдері, бүйірлері баулармен байланады. Ұзын етекті сауыттар қозғалуға кедергі келтірмес үшін алдынан және артынан немесе екі бүйірінен жырылып жасалады. Көбе сауыттан денеге оқ, қару өтпес үшін кейде кеуде, арқа тұсына, иықтарына болат тақталар орнатылады. Кейінірек жеңіл көкірекше түрі шыққан. Садақ оғы көбені бұза алмағаннан кейін көбе бұзар қозыжауырын жебелер шыққан. «Көкірек қысқан көбені, қозыжауырын ғана бұза алар» деген сөз осыдан қалған. Батырлар мінетін аттың арқасы мен жонын, қабырғасы мен мойнына жабатын көбелер де жасалған [12].

Ақын-жырау өзінің «Ер Шобан» деген жырында Ноғайлының батырларын сипаттай отырып, олардың ерлігімен қатар сол кездегі көптеген қару-жарақтарды атап көрсетеді.

«Саф арғымақ сайлаған,
Найзасына жалау байлаған.

Жиынымның ішінде
Түрлі-түрлі бай да бар,
Түменді бұзған ер де бар,
Суын түсті жүйрік бар,
Суырылып шабар батыр бар.

Ақ табан ару торы ат жайлаған,
Алдаспан ауыр қылыш байлаған,
Сыпайшылық бұ-ды деп
Ала білек оқ салған...
Алдаспан ауыр қылыш суырған,
Ажалға қарсы жүгірген.

Ол тырысқан, тырысқан,
Күнінде мың кісімен ұрысқан,
Жауырынына қанды көбе сыймаған,
Жағасына адам қолы тимеген.

Жауды көрсе бүлдірген,
Атқан оғын оздырған,
Дұспанның тобын тоздырған,
Бір ойында алпыс ала балта сындырған.

Қан жұқпас қайқы қара болат өтпеген,
Мақтауына адам тауып жетпеген.

Бәрін айт та бірін айт,
Қабағын қара сусар бөрік басқан,
Жауырынын күшіген жүнді оқ шанышқан,
Қалжуырдай шаншылған,
Жұрт үшін қарауылға көп тұрған.

Он екі құрсау жез айыр
Қара мылтық жұмсаған [13].

Бұл жыр жолдарындағы бүгінгі күні көпшілікке белгісіз сөздерге, қару түрлеріне түсінік беру қажет болар. Түмен (он мың әскер) – түркі-моңғол ұлыстарында болған әскери-әкімшілік бірлік. Ол өз кезегінде мыңдық пен жүздікке бөлінген. Түменді түменбегі басқарған. Суын – бұлан, яғни бұлан түсті жүйрік деген сөз. Алдаспан – ерекше ауыр қылыш. Қынға салып алып жүретін жеңіл қылыштармен қоса, қынсыз, ауыр қылыштар да болған. Олар алмас, болаттан соғылып, бас жағы үлкен, жалманы (жүзі) жалпақ болады. Сондықтан оны қынсыз ұстайды. Тым салмақты болғандықтан Алдаспанды тек қарулы батырлар ғана ұстаған. Оны белге байлап, не иығына асып жүрген. Алдаспан қылыштың ішіндегі ең таңдаулысы, асылы саналады. Ауыз әдебиетінде мықты батырларды бір шапқаннан кесіп түсер Алдаспанға теңейді. Қылыштың ерекше түрі ретінде Алдаспан ерте заманда пайда болған. Көшпелі халықтардың өнер ескерткіштерінде, шығыс халықтарының бейнелеу өнері жәдігерліктерінде Алдаспан ұстаған батырлар бейнесі жиі кездеседі [14]. Күшіген – жыртқыш құс (орысшасы – гриф). Қалжуыр – садақтың оғының бір түрі. «Қара мылтық» – мылтықтың түр-түріне байланысты айтылатын көне атаулардың бір тобы, байырғы ақын-жыраулар шығармаларында жиі айтылады. Ал «қа-

ра мылтық» деген тіркес білтелі мылтықтың бір түрі болса керек. Қырғыз тілінде қара мылтық «пистонсыз атылатын мылтық» ұғымын білдіреді. Қазақтың ескі мылтықтарының бір атауы. Оқпаны әшекейсіз мылтықтар «қара мылтық» деп аталып, ал оқпаны өрнектелген мылтықтар «алтын мылтық», «күміс мылтық» деп аталды.

Күмісті мылтық қолға алып,
Көлден қулар ұшырдым...

«Қара мылтықтың» құндағы да еш әшекейсіз, қарабайыр жонылып жасалды, ал сәнді мылтықтардың құндақтары да боялып, жазулармен көркемделіп, өрнектелген алтын, күміс пластиналармен қапталды.

Алтын құндақ ақ берен,
Ата алмасам маған серт...

Ауызша және жазба деректерде «қара мылтық» сөзі көбіне оқпандағы оқ-дәрісіне тұтанған пілтемен от беріп ататын пілте мылтықтың атауы ретінде айтылады [15].

Жиёмбет жырау Еңсегей бойлы ер Есімнің Кіші жүздегі ел басқарушы биі, әскербасы, қазақтар мен ойраттардың соғыстарына қатысқан, жауынгерлігімен және батырлығымен даңқы шыққан күшті әрі саны көп тайпаның басшысы болған. Ол – қазақтар мен ойраттардың соғыс қақтығыстарында, сондай-ақ Ташкент билеушісі Тұрсынның бүлігін басуда (1627 ж.) шешуші рөл атқарған басты қайраткерлердің бірі, әсіресе 1620 жылы ойраттармен арада болған соғыста қазақтардың жауды ойсырата жеңуіне мұрындық болады. Ақын өзі туралы:

«Менің ерлігімді сұрасаң,
Жолбарыс пенен аюдай,
Өрлігімді сұрасаң,
Жылқыдағы асау тайындай,
Зорлығымды сұрасаң,
Бекіре менен жайындай,
Беріктігімді сұрасаң,
Қарағай менен қайындай»

дей келе, өзі қолданған кейбір қару түрлерін атай кетеді:

«Сырым саған түзу-ді,
Садаққа салған бұлындай...
Керегеге ілінген
Шабылмаған семсер тұр,
Жаудан алмай кегімді,
Есіл де өмір өткен құр [16].

Ал Ақтамберді жырау (1675-1768) өмірінің көпшілігін жорықтарда өткізіп, қазақтардың тамаша жеңістерінің куәсі болған. Ол 17 жасынан бастап қазақтардың Орта Азия хандықтарымен арадағы соғыстарына қатысады. Өзінің жанкешті ерлігімен, ақыл-айласымен көпке танылады. Талай рет өлім аузынан қалады. Бірде, тіпті, жортуылда жау қолына түсіп, өлім жазасы орындалар қарсаңында ғана қашып құтылады. Батыр жырау өзінің белсенді ісімен де, жалынды жырымен де жоңғарға қарсы күресті ұйымдастырушылардың бел ортасында болады, қазақ жасағының алдыңғы сапында шайқасады. Оқиғалар мен кескілескен шайқастардың қайнаған ортасында жүріп, жауынгер-ақын ұрыстарға қатысып қана қоймай, жалынды жырларымен жауынгерлерді батылдық пен ерлікке шақырып, олардың бойында өздерінің күшіне сенімін нығайтты және жауға бірлесіп тойтарыс беруге топтастырды:

«Балпаң, балпаң кім баспас,
Басарға балтыр шыдамас,
Батырмын деп кім айтпас,
Барарға жүрек шыдамас.
Жалтара шапсаң жау қашпас,
Жауды аяған бет таппас,
Уа, жігіттер, жандарың
Жаудан аяй көрмеңіз,
Газырейіл тура келмей жан алмас!»

Батырлардың қоғамдағы функциясы, батырлардың басты қызметі жауынгерлік қызмет, ел қорғау, соғыс өнерін, әскери тәлім-тәжірибені ұрпақтан ұрпаққа жеткізу болып табылады. Соғыс ісі батырлардың негізгі кәсібі болғанымен, бұл кәсіптің мақсаты Отанды жаудан қорғау, елді басқыншылардан азат ету, халықтың қонысын, жерін кеңейту, тұтқынға түскен отандастарын азат ету, жау қолынан қаза тапқан ата кегін қайтару болды. Осы халық алдындағы атқарып жүрген адал борышын жауынгер жырау былайша жырлайды:

Жауға шаптым ту байлап,
Шепті бұздым айғайлап,
Дұшпаннан көрген қорлықтан
Жалынды жүрек қан қайнап,
Ел-жұртты қорғайлап,
Өлімге жүрміз бас байлап [17].

Осы жерде жыр жолдарында орын алып отырған қазақ жасағының әскери іс-қимылдарындағы тудың орны мен рөліне тоқталып кеткен жөн болар. Ту – жауынгерлік рухты белгілейтін қасиетті рәміз. Ту – киелі рәміз. Тіліміздегі «ту қылып

ұстау», «ту қылып көтеру» сияқты сөз тіркестері бір нәрсені қасиеттеуді, қадірлеуді, қайрат беретін күш санауды білдіреді. Ту үлкен матадан түсті желек түрінде жасалып, найзаға, оның сабына тағылып көтерілетін. Әскерге, жауынгерлерге күш беріп, қорғау үшін оған киелі белгілер салынған. Мысалы, мұсылмандарда ай, құран сөздері, Алланың аты, христиандарда крест, екі басты самұрық, Христос бейнесі, қытайларда қасиетті айдаһар. Ту әскер үстінде желбіреп тұрса, әскерді жеңіске жеткізеді деп түсінілгендіктен, оны қорғап, сақтап, тудың құлауын жеңілумен бірдей көрген. Туды әскердің киесі санағандықтан көшпелілерде айқас кезінде туды ұстауға ең батыр адамдар сайланған.

Қазақ ауыз әдебиетінде өздері жараланса да туды құлатпай ұстап тұрған батырлар туралы аңыздар көп. Мысалы, жоңғарлармен бір айқаста Қазымбет батыр ту ұстаушы болып, айқастың аяғына дейін тапжылмай тұрады. Айқас біткеннен кейін де аттан түспеген соң, жанына келсе, жаудың тиген оқтарынан өліп кетсе де, туын түсірмей ұстаған күйде қатып қалған екен дейді [18].

Сонымен ту дегеніміз – бүкіл әскердің жауынгерлік рәмізі. Соғыс кезінде әскер өз туын сақтап, жау туын құлатуға тырысқан.

XVIII ғасырдағы әйгілі жыраулардың бірі Үмбетей Тілеуұлы жорықтарға қатыса жүріп, батырлардың ерліктерін көреді, сөйтіп олар туралы мақтау өлеңдер шығара бастайды, батырлық жырларды орындап, халыққа танымал болады. Оның шайқастардағы батылдығы мен жалынды шақыру жырлары жасақтағы жырау-жыршы деген лайықты атағын шығарады, сөйтіп ол уақыт өте келе Абылай ханның серіктері қатарына қосылады. Даңқы шырқап шыққан кезінде Үмбетей жырау Бөгенбай батыр жөніндегі атақты жоқтауын және Бөгенбай батырдың өлгені туралы Абылай ханға естірту өлеңін шығарады. Ақын-жыраудың шығармашылығында «Бөгенбай өліміне» және «Бөгенбай өлімін Абылай ханға естірту» деген екі шығарма ерекше көрінеді.

Қорыта келгенде, Қазақ мемлекеті пайда болған кезінен бастап бейбіт, тыныш өмір дегенді білмеді. Ол барлық уақытта экспансия объектісі болып, жау мемлекеттер тарапынан жасалған шабуылды тойтарумен болды. Жоңғар хандығымен соғыстар ұзақ уақыт және қиян-кескі жүргізілді. Бұл дәуірде ақын-жыраулар батырлық тақырыбын кең көлемде жырлап, жауынгер-жасақтардың жауынгерлік рухын көтеруде зор рөл атқарды. Олар сол уақыттың алыптары туралы

жырлап, замандас батырларының даңқын аспандатып қана қоймай, өздері де жауға қарсы әскери жорықтарға қатысып, жауынгер-жыраулар болды және де әскербасы, қолбасшылық қызмет те атқарды.

Әскери тақырып, көшпелілердің әскери өнері жыраулар поэзиясының дәстүрлі арнасы болып табылады. Қазақтардың жоңғар жаулаушыларына қарсы ұзаққа созылған күресі дәуірінде халықты жауға топтасып, тойтарыс беруге шақырған жыраулар поэзиясының зор маңызы

болды. Жыраулар бұл міндетті лайықты атқарды, олар туған жерді, елді қорғаушылардың батырлық қасиеттерін жырлап, олардың ерліктері мен іс-әрекетін дәріптеді, оларға өз туындыларын арнады. Негізінен алғанда идеологиялық рөл атқарып, күшті қазақ мемлекеттігі мен оны жатжерлік басқыншылардан қорғау идеясын жырлаған жыраулар поэзиясы басты орын алды. Жыраулар мемлекетке қызмет етіп, хан билігін қолдап отырды. Олар халықты бірлікке, жаулап алушыларға қарсы күреске шақырды.

Әдебиеттер

- 1 Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – Алматы, 1979. – 41-46-бб.
- 2 Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 1-кітап. – Алматы, 2001. – 213-б.
- 3 Қазақстан тарихы. 5 томдық. 2-том. – Алматы, 2010. – 553-б.
- 4 Бес ғасыр жырлайды. – Алматы, 1989. 2 томдық. 1 т. – 32, 33, 34-бб.
- 5 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 3-том. – Алматы: РПК «СЛОН», 2012. – 324-б.
- 6 Құралұлы А. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 1997. – 104-б.
- 7 Тілепов Ж. Елім деп еңіреген ерлер жыры. – Алматы, 1996. – 34-б.
- 8 Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 1-кітап. – Алматы, 2001. – 181, 182-бб.
- 9 Бес ғасыр жырлайды. – Алматы, 1989. 2 томдық. 1 т. – 36-б.
- 10 Бес ғасыр жырлайды. – Алматы, 1989. 2 томдық. 1 т. – 38-б.
- 11 «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1999. 2-том. – 289-290-бб.
- 12 Құралұлы А. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 1997. – 106-б.
- 13 Бес ғасыр жырлайды. – Алматы, 1989. 2 томдық. 1 т. – 48, 49, 50-бб.
- 14 Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 62-б.
- 15 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 3-том. – Алматы: РПК «СЛОН», 2012. – 450-б.
- 16 Бес ғасыр жырлайды. – Алматы, 1989. 2 томдық. 1 т. – 53, 54-бб.
- 17 Бес ғасыр жырлайды. – Алматы, 1989. 2 томдық. 1 т. – 60, 61-бб.
- 18 Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер. – Алматы, 1996. – 189-б.

References

- 1 Kazak tarihi zhyrlarynyn maseleleri. – Almaty, 1979. 41-46-bb.
- 2 Kazak adabietinin kyskasha tarihy. 1-kitap. – Almaty, 2001. 213-b.
- 3 Kazakstan tarihy. 5 tomdyk. 2-tom. – Almaty, 2010. 553-b.
- 4 Bes gasyr zhyrlaidy. – Almaty, 1989. 2 tomdyk. 1 t. 32, 33, 34-bb.
- 5 Kazaktyn etnografialyk kategorialar, ugymdar men ataularynyn dasturli zhuiesi. Entsiklopedia. 3-tom. – Almaty: RPK «SLON», 2012. 324-b.
- 6 Kuraluly A. Kazak dasturli madenietinin entsiklopedialyk sozdigi. – Almaty: «Sozdik-Slovar», 1997. – 104-b.
- 7 Tilepov ZH. Elim dep eniregen erler zhyry. – Almaty, 1996. 34-b.
- 8 Kazak adabietinin kyskasha tarihy. 1-kitap. – Almaty, 2001. 181, 182-bb.
- 9 Bes gasyr zhyrlaidy. – Almaty, 1989. 2-tomdyk. 1 t. 36-b.
- 10 Bes gasyr zhyrlaidy. – Almaty, 1989. 2-tomdyk. 1 t. 38-b.
- 11 «Kazakstan»: Ul'ttyk entsiklopedia / Bas redactor A. Nysanbaev. – Almaty: «Kazak entsiklopediasy» Bas redaktsiasy, 1999. 2-tom. 289-290-bb.
- 12 Kuraluly A. Kazak dasturli madenietinin entsiklopedialyk sozdigi. – Almaty: «Sozdik-Slovar», 1997. 106-b.
- 13 Bes gasyr zhyrlaidy. – Almaty, 1989. 2 tomdyk. 1 t. 48, 49, 50-bb.
- 14 Aibyn. Entsiklopedia. /Bas red. B.O. ZHakyp. . – Almaty: «Kazak entsiklopediasy», 2011. 62-b.
- 15 Kazaktyn etnografialyk kategorialar, ugymdar men ataularynyn dasturli zhuiesi. Entsiklopedia. 3-tom. – Almaty: RPK «SLON», 2012. 450-b.
- 16 Bes gasyr zhyrlaidy. – Almaty, 1989. 2 tomdyk. 1 t. 53, 54-bb.
- 17 Bes gasyr zhyrlaidy. – Almaty, 1989. 2 tomdyk. 1 t. 60, 61-bb.
- 18 Ahmetzhanov K.S. Zaranagan temir kigender. – Almaty, 1996. 189-b.